

## Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздігінің жиырма жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 желтоқсандағы № 521-IV Заңы

**Қ о л д а н у ш ы л а р                      н а з а р ы н а !**

**Қолданушыларға ыңғайлы болуы үшін РҚАО мазмұнды жасады.**

### МАЗМҰНЫ

Осы Заң Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздігінің жиырма жылдығына байланысты, ізгілік қағидаты басшылыққа алына отырып қабылданды.

#### **1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын ұғымдар**

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) осы Заңның 2-бабы 1-тармағы 1) тармақшасында аталған адамдар – қылмыс жасаған кезінде он сегіз жасқа толмаған адамдар;

2) осы Заңның 2-бабы 1-тармағы 2) тармақшасында аталған адамдар: осы Заң қолданысқа енгізілетін күнге жүкті әйелдер;

осы Заң қолданысқа енгізілетін күнге ата-ана құқықтарынан айырылмаған және он сегіз жасқа толмаған балалары, оның ішінде асырап алған не қорғаншылыққа және (немесе) қамқоршылыққа алған балалары бар не қамалғанға және сотталғанға дейін асырауында жастарына қарамастан I және II топтардағы мүгедек балалары болған әйелдер ;

осы Заң қолданысқа енгізілетін кезге кәмелетке толмаған балалардың жалғыз ата-анасы болып табылатын және ата-ана құқықтарынан айырылмаған ер адамдар;

3) осы Заңның 2-бабы 1-тармағы 3) тармақшасында аталған адамдар – осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен I, II және III топтағы мүгедектер деп танылған адамдар;

4) осы Заңның 2-бабы 1-тармағы 4) тармақшасында аталған адамдар – осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін елуге толған және одан жоғары жастағы әйелдер, алпыс үшке толған және одан жоғары жастағы ер адамдар;

5) осы Заңның 2-бабы 1-тармағы 5) тармақшасында аталған адамдар – Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері және оларға теңестірілген адамдар;

6) осы Заңның 2-бабы 1-тармағы 6) тармақшасында аталған адамдар – Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, оның ішінде бұрынғы КСР Одағының, әскери немесе интернационалдық борышын атқару кезінде қаза тапқан немесе хабар-ошарсыз кеткен әскери қызметшілерінің басқа тіркелген некеге тұрмаған жесірлері, сондай-ақ соғыс мүгедектерінің және оларға теңестірілген адамдардың әйелдері.

## **2-бап. Жазадан босатылатын адамдар**

1. Онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар үшін сотталған адамдар:

- 1) кәмелетке толмағандар;
- 2) жүкті әйелдер, кәмелетке толмаған немесе I және II топтардағы мүгедек балалары бар әйелдер, сондай-ақ кәмелетке толмаған балалардың жалғыз ата-анасы болып табылатын ер адамдар;
- 3) I, II және III топтағы мүгедектер;
- 4) елуге толған және одан жоғары жастағы әйелдер, алпыс үшке толған және одан жоғары жастағы ер адамдар;
- 5) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері және оларға теңестірілген адамдар;

6) әскери және интернационалдық борышын атқару кезінде қаза тапқан әскери қызметшілердің жесірлері, сондай-ақ күйеулері соғыс мүгедектері және оларға теңестірілген адамдар болып табылатын әйелдер жазадан босатылады.

2. Осы баптың 1-тармағының қолданылу аясына жатпайтын, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар үшін сотталған адамдар, егер олар тағайындалған жаза мерзімінің кемінде төрттен бір бөлігін өтеген болса, бас бостандығынан айыру түріндегі жазадан босатылады.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының қолданылу аясына жатпайтын адамдар:

- 1) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 63-бабы қолданыла отырып, сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындалып, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар үшін сотталған адамдар, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 70 және 73-баптарының негізінде сот тағайындаған жазасын өтеуден босатылған адамдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 71-бабы қолданыла отырып, сот тағайындаған жазасы неғұрлым жеңіл жаза түріне ауыстырылған адамдар;
- 2) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 72-бабына сәйкес сот үкімінің орындалуы кейінге қалдырылған, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруға сотталған жүкті әйелдер және жас балалары бар әйелдер, жас балаларды жалғыз өзі тәрбиелейтін ер адамдар;
- 3) онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруға байланысты емес жаза түрлеріне сотталған адамдар, егер бұл жаза негізгі жаза түрінде қолданылған болса, жазадан босатылады.

## **3-бап. Жаза мерзімінің өтелмеген бөлігін қысқарту**

Онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруға сотталған, осы Заңның 2-бабының негізінде жазадан босатуға жатпайтын адамдардың жазасының өтелмеген бөлігінің жартысы қысқартылады.

## **4-бап. Қылмыстық істерді қозғаудан бас тарту және оларды тоқтату**

Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған, олар үшін бес жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы немесе бас бостандығынан айыруға байланысты емес жаза көзделген онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы қылмыстық істер және соттар қарамаған істер Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасында көзделген тәртіппен іс қозғаудан бас тартылуға жатады.

Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кеткен әскери қызметшілер, егер олар осы Заң қолданысқа енгізілгеннен кейін алты айдан кешікпей әскери басқару, әскери полиция органдарына немесе құқық қорғау органдарына кінәсін мойындап келсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

#### **5-бап. Рақымшылық жасауды қолдану шарттары**

1. Осы Заңның 2-бабының 1-тармағында аталған адамдарға қатысты рақымшылық жасауды қолдану үшін олардың мәртебесін растайтын құжаттардың болуы міндетті.
2. Осы Заңның 2-бабының 2-тармағында және 3-бабында көзделген жаза мерзімінің бір бөлігін өтеу осы Заң қолданысқа енгізілетін күнге есептеледі.
3. Қылмыстардың жиынтығы болған кезде, егер олардың біреуі ауыр немесе аса ауыр қылмыс болып табылса, рақымшылық жасау қолданылмайды.
4. Рақымшылық жасау аясына жатқызылған адамдар негізгі жазадан босатылады.
5. Осы Заңды қолдану кезінде соттылықты алып тастау Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 77-бабында белгіленген жалпы негіздерде жүргізіледі.
6. Егер өзіне қатысты рақымшылық жасау қолданылуы мүмкін адам бұған қарсы болған жағдайда, рақымшылық жасау қолданылмайды.

#### **6-бап. Қазақстан Республикасының соттары соттаған, бірақ жазасын оның шегінен тыс жерлерде өтеп жүрген адамдарға рақымшылық жасауды қолдану**

Қазақстан Республикасының соттары соттаған, бірақ жазасын оның шегінен тыс жерлерде өтеп жүрген адамдарға рақымшылық жасауды қолдану туралы мәселені Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың негізінде, аумағында сот үкімін орындау жүзеге асырылып жатқан мемлекеттің құзыретті органының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының соттары шешеді.

Қазақстан Республикасы тиісті халықаралық шарттар жасаспаған шет мемлекеттерден бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны одан әрі өтеу үшін Қазақстан Республикасына берілген адамдарға рақымшылық жасау мұндай адамдарды берген мемлекеттердің құзыретті органдарының келісімімен ғана қолданылады.

#### **7-бап. Осы Заңды қолдану тәртібі**

1. Осы Заңның 2 және 3-баптарын қолдану сотталған адамдар жазаларын өтеп жатқан жердегі соттарға жүктеледі.
2. Осы Заңның 4-бабын қолдану қылмыстық процесті жүргізуші органдарға жүктеледі.

3. Осы Заңды қолдану прокурор санкция берген қылмыстық процесті жүргізуші органның (лауазымды адамның) қаулысы негізінде, сондай-ақ сот қаулысы негізінде жүргізіледі.

4. Жазаны орындаушы мекемелер мен органдар осы Заңның уақтылы орындалуын қамтамасыз ету мақсатында соттарға мынадай құжаттарды:

1) жазаны одан әрі өтеуден босату туралы не тағайындалған жаза мерзімін қысқарту туралы ұсынымды;

2) сот үкімінен үзінді көшірмені (оған енгізілген өзгерістерімен қоса, егер сондай өзгерістер орын алған болса);

3) осы Заң қолданысқа енгізілетін кезге жазаның өтелген және қалған мерзімі туралы мәліметтерді;

4) сотталған адамның жеке немесе бақылау ісін;

5) осы Заңның 2-бабының 1-тармағында аталған адамдардың мәртебесін растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

5. Соттар осы Заңды қолданған кезде прокурордың қатысуы міндетті.

#### **8-бап. Осы Заңның орындалу мерзімі**

7-баптың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген органдар осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап алты ай ішінде оның орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

#### **9-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі**

Осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

#### **10-бап. Осы Заңды іске асыру жөніндегі шаралар**

Қазақстан Республикасының Үкіметі және облыстардың, республикалық маңызы бар қала мен астананың жергілікті атқарушы органдары:

1) рақымшылық жасау бойынша жазадан босатылған және зайыбы (жұбайы) немесе жақын туыстары жоқ I және II топтағы мүгедектер мен жасының егде тартуына байланысты өзін-өзі күте алмайтын адамдарды стационарлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерге (ұйымдарға) орналастыру;

2) босатылған кәмелетке толмағандарды ата-аналарының немесе олардың орнындағы адамдардың не мамандандырылған мемлекеттік органның қадағалауына беру;

3) сот үкімімен тағайындалған, осы Заң қолданысқа енгізілетін кезде үкімді орындау барысында аяқталмай қалған ем қабылдаудың жалғастырылуын қамтамасыз ету;

4) рақымшылық жасау бойынша жазадан босатылғандарды белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу орталықтарына орналастыру жөнінде шаралар қолдансын.

*Президенті*

*Қазақстан*  
*Н. НАЗАРБАЕВ*

*Республикасының*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК